«Бекітемін»
Ы.Алтынсарин атындағы
тірек мектеп жанындағы интернат
директоры_____Д.Б.Бақаев

«ЖасҰлан», «Жас Қыран» балалармен жасөспірімдерұйымының 2023-2024 оқу жылына арналғанжұмыс жоспары

2023 – 2024оқужылы

Сканировано с CamScanner

«ЖасҰлан», «Жас Қыран» балалармен жасөспірімдерұйымының
2023-2024 оқу жылына арналғанжұмыс жоспары

	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
	1. «Мектебім-мейірім мекені!» салтанатты жиынын ұйымдастыру 2. «Жас Ұлан» ұйымының мүшелерін тағайындау, жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру 3. Мектеп ұланбасын сайлау 4. Оқушыларды мектептің ішкі тәртібімен таныстыру, жеке бас гигиенасын ұстану. 5. «Мәңгілік елдің-мәңгілік тілі» тілдер мерекесі. 6. «Отбасы-өмір аясы» фото көрме ұйымдастыру немесе көркем өнер құралдары арқылы өз армандарын бейнелету	Қыркүйек	ТІЖДО Тәлімгер Сынып жетекшілер Медбике Технология пәні мұғалімі
2	1. 1 қазан қарттар күніне арналған «Ақылды қария, ағып жатқан дария» іс-шара ұйымдастыру, қабырға газеттерін шығару, қариялармен кездесу, әңгіме жүргізу 2. Ұйым мүшелерімен отырыс өткізу. 3. «Ұстаз аты- биік, әрі мәңгілік» атты мерекелік бағдарлама ұйымдастыру 4. «Денсаулықтың 6 шарты» (таза ауа,дұрыс тамақтану,қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі күңіл күй, күйзеліске түспеу.) 5. Республика күніне орай интелектуалды ойындар ұйымдастыру 6. «Күз кереметі»	Қазан	ТІЖДО Тәлімгер Сынып жетекшілер Медбике
3	1. Жас Ұлан ұйымының отырысын өткізу. 2. «Ұл ұятымен, қыз- қылығымен ардақты» дөңгелек үстел өткізу 3. Қазақтың қоғам қайраткері, шешен, Ұлы жүздің бас биі, Төле бидің 360 жылдығы (шешендік сөздерін жатқа айту сайысын өткізу)	Қараша	Тәлімгер Сынып жетекшілер Психолог Кітапханашы
4	1. Жас Ұлан ұйымының отырысын өткізу. 2. «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау 3. Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылатын іс-шараларға қатысуды ұйымдастыру 4. «Зиянды әрекеттер және олардың денсаулыққа әсері» оқушылармен әңгіме жүргізу	Желтоқсан	Тәлімгер Мектеп ұланбасы

Сканировано с CamScanner

	1. «Күнделік -оқушы айнасы» рейд ұйымдастыру 2. Ә.Қастеевтің 120 жылдығына орай «Қыс – қарымен әдемі» суреттер салуы байқауы 2. «Жұлдызды жол-2023» ән бақауы 3.«Ұл-ұлттың абыройы, қорғаны» ұлдар жиналысы 4. «Қыз намысы-ұлт намысы» қыздар жиналысы	Қаңтар	Тәлімгер Сынып жетекшілер Көркем еңбек пәні мұғалімиМузыка пәні мұғалімі
	1. Жас ұйымының мүшелерімен отырыс өткізу. 2. «Салауаттан бастау алған, денсаулық пен бақытқа ие болған» спорттық сайыстар 3. «Сәттіліктің бастауы-сабырлылықта» дөңгелек үстел 4. Қанағат , рақым ойлап қой!» адамның мінез құлықтарын айқындайтын тақырыптағы көркемсөз оқу сайысы (8-9 сынып)	Ақпан	ТІЖДО Тәлімгер Сынып жетекшілер Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
7	1. 1-наурыз Алғыс айту күні 2. «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталады!» халықаралық әйелдер күніне орай апталық, іс-шаралар ұйымдастыру 3. «Береке, бірлік бастауы әз-Наурыз» концерттік бағдарлама ұйымдастыру	Наурыз	ТІЖДО Тәлімгер Ұйымдастырушы-педагог Сынып жетекшілер
8	1. «Жылы ұя» қайырымдылық акциясы 2. «Табиғат – ел байлығы» суреттер байқауы 3. «Ғарышкерлер күні» танымдық, сынып сағаттарын өткізу. 4. «Отбасым-алтын бесігім» 1. Отбасы туралы таныстырылым 2. Отбасылық өнер 5. «Қазақстан – бірліктің бесігі»	Сәуір	Тәлімгер Дене шынықтыру пәні мұғалімдері Сынып жетекші Педагог-психолог
9	1. Жас ұйымының мүшелерімен отырыс өткізу. 2. «Жігіт сұлтаны-2023» байқауы 1. Таныстыру 2. Өз өнері (ән,би,өлең оқу» 3. Қол өнері 4. Жас ұлан ұйымы мүшелерінің жұмысын қорытындылау. «Сыңғырла, соңғы қоңырау!» салтанатты жиынын ұйымдастыру	Мамыр	ТІЖДО Тәлімгер Сынып жетекшілер

Аға тәлімгер: А.А.Даткина

Сканировано с CamScanner

	1. «Күнделік -оқушы айнасы» рейд ұйымдастыру 2. Ә.Қастеевтің 120 жылдығына орай «Қыс – қарымен әдемі» суреттер салуы байқауы 2. «Жұлдызды жол-2023» ән бақауы 3.«Ұл-ұлттың абыройы, қорғаны» ұлдар жиналысы 4. «Қыз намысы-ұлт намысы» қыздар жиналысы	Қаңтар	Тәлімгер Сынып жетекшілер Көркем еңбек пәні мұғалімі Музыка пәні мұғалімі
	1. Жас ұйымының мүшелерімен отырыс өткізу. 2. «Салауаттан бастау алған, денсаулық пен бақытқа ие болған» спорттық сайыстар 3. «Сәттіліктің бастауы-сабырлылықта» дөңгелек үстел 4. Қанағат , рақым ойлап қой!» адамның мінез құлықтарын айқындайтын тақырыптағы көркемсөз оқу сайысы (8-9 сынып)	Ақпан	ТІЖДО Тәлімгер Сынып жетекшілер Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
7	1. 1-наурыз Алғыс айту күні 2. «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталады!» халықаралық әйелдер күніне орай апталық, іс-шаралар ұйымдастыру 3. «Береке, бірлік бастауы әз-Наурыз» концерттік бағдарлама ұйымдастыру	Наурыз	ТІЖДО Тәлімгер Ұйымдастырушы-педагог Сынып жетекшілер
8	1. «Жылы ұя» қайырымдылық акциясы 2. «Табиғат – ел байлығы» суреттер байқауы 3. «Ғарышкерлер күні» танымдық, сынып сағаттарын өткізу. 4. «Отбасым-алтын бесігім» 1. Отбасы туралы таныстырылым 2. Отбасылық өнер 5. «Қазақстан – бірліктің бесігі»	Сәуір	Тәлімгер Дене шынықтыру пәні мұғалімдері Сынып жетекші Педагог-психолог
9	1. Жас ұйымының мүшелерімен отырыс өткізу. 2. «Жігіт сұлтаны-2023» байқауы 1. Таныстыру 2. Өз өнері (ән,би,өлең оқу» 3. Қол өнері 4. Жас ұлан ұйымы мүшелерінің жұмысын қорытындылау. «Сыңғырла, соңғы қоңырау!» салтанатты жиынын ұйымдастыру	Мамыр	ТІЖДО Тәлімгер Сынып жетекшілер

Аға тәлімгер: А.А.Даткина

Сканировано с CamScanner

Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (РО) жанындағы интернат

«Жас қыран », «Жас Ұлан » балалар мен жасоспірімдер ұйымының

2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстың жылдық мәтіндік есебі.

2023-2024 оқу жылы

Сканировано с CamScanner

Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (РО) жанындағы интернат «Жас қыран », «Жас Ұлан » балалар мен жасөспірімдер ұйымының

2023-2024 оқу жылының атқарылған жұмысының жылдық мәтіндік есебі.

Негізгі мақсаты:

«Жас қыран», «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының негізгі мақсаты оқушылардың қоғамдық әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады.

«Жас Ұлан» ұйымының қалыптасқан жұмыс жүйесін дамыту, ұйым мүшелерін жаңа игі істерге жұмылдыру, ұйымшылдыққа, белсенділікке тәрбиелеу, адамгершілікке, мейірімділікке баулу, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысуға үйрету мақсатында тәрбиелік мәні бар шаралар ұйымдастырылуда. Болашақта біз тәуелсіз мемлекетімізді алып елдің қатарына қосып, елбасы айтқандай, Азия барысына айналамыз.

Осындай үкілеген ұлы үміттерге біздің жастарымызды «Жас Ұлан» ұйымы алып барады.

2023-2024 оқу жылында атап айтқанда, оқушылармен жұмысты айқындауда сынып жетекшісімен жүргізілетін шараларды жүргіздім. Олар: Оқушы туралы мәліметтерді біліп және баланың ұжымдағы орнын анықтадым.

«Жас қыран», «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұраны, өз эмблемасы, жарғысы, құрылымы жасалған. «Жас қыран», «Жас Ұлан» ұйымы мынадай тәрбиелі бағыттар бойынша апта күндерінде жұмыс жасадық. Олар:

Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмыстарын дамыту, адамгершілік – эстетикалық тәрбие, құқықтық тәрбие, мәдениеттілік пен имандылықты қалыптастыру, салауатты өмір салты, интеллектуалды – танымдық тәрбие. Атап айтқанда, осы бағыттар бойынша оқу жылына дейінгі аралықта бірнеше жұмыстар атқарылды.
Қыркүйек айында «Мектебім- мейірім мекені!» атты тақырыпта салтанатты жиын өтті. «Жас Ұлан» белсенділері «Жас Ұлан» ұйымының ережесімен, жарғысымен, арнайы белгілерімен танысты. «Жас Ұлан» ұйымының міндеттері оқылып, алдағы жұмыстар пысықталды.Мектептің тазалығы мен көркеюін қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіліп, мектеп аумағын тазалауға, абаттандыруға белсене қатысты. Қазақ тілі пәні мұғалімдері мен тәлімгерлер бірлескен «Мәңгілік елдің-мәңгілік тілі» атты тақырыпта тілдер мерекесі өтті.Сондай-ақ «Мемлекеттік тіл- менің тілім» байқауы өтіп, оған жасұландықтар

Сканировано с CamScanner

қатысты. «Отбасы –өмір аясы» тақырыбында 1-4 сыныптар арасында фото көрме ұйымдастырылды. 5-7 сыныптар арасында көркем өнер құралдары арқылы өз армандарын бейнеледі.

Жасұландықтар қарттарға көмек көрсету мақсатында қазан айында «Ақылды қария, ағып жатқан дария» атты тақырыпта қабырға газеті шықты.Жалғыз тұратын зейнеткерлерге, тыл еңбеккерлеріне үйден көмек көрсетті.Сондай-ақ қазан айында қарттарды қолдауға арналған «Аяулы ата-әжелер» тақырыбында көрме ұйымдастырылып, қолөнер бұйымдары, суреттер, ата-әжелерге берілген ашық хаттар көрсетілді. «Денсаулықтың 6 шарты» (таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу) сияқты тақырыпта тренинг өтті.

Мектеп қабырғасында «Күзгі бал» ұйымдастырып, оған 1-9 сынып оқушылары қатысты. Белсенді қатысқан оқушылар әр түрлі костюмдер киіп, көрнекіліктер мен қабырға газеттерін жасау арқылы шығармашылық қабілеттерін көрсетті. Шара барысында қатысушылар өлеңдер оқып, ән айтып, би билеп, өнерлерін көрсетті. Қараша айында 9 сыныптар арасында «Ұл ұятымен, қыз-қылығымен ардақты» дөңгелек үстел өткізілді. Қазақтың қоғам қайраткері, шешен, Ұлы жүздің бас биі, Төле бидің 360 жылдығына орай 10 сыныптардың оқушылары шешендік сөздерін жатқа айтып сайысқа түсті.Жеңімпаздар анықталып, марапатталды.

Желтоқсан айында Тәуелсіздік күні мерекесіне орай мектеп оқушылары белсене қатысқан үлкен концерт ұйымдастырылды.Ән мен жырдан шашу шашылды; Қазақстан халықтарының билері орындалып, мерекелік іс-шара тақырыптық бейнекөрсетілімдермен сүйемелденді.Мереке қарсаңында қабырға газеттері байқауы ұйымдастырылып, оның үздіктері мектеп қабырғасына ілінді.Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін мерекелеу аясында өскелең ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезімін ояту, көшбасшылық қасиеттерді, сондай-ақ зияткерлік қасиеттерді дамыту мақсатында «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатары оқу озаттары, шығармашылық топ белсенділері және спортта жетістіктерге жеткен жеткіншектермен толықтырылды.Мереке қонақтары өз сөзінде Қазақстанның қалыптасқан мемлекетке, геосаяси маңызы зор елге айналғанын, оның жетістіктері мен бастамаларын әлемдік қауымдастық мойындағанын атап өтті.Сондай-ақ Қазақстанның қысқа тарихи кезеңде елеулі саяси және экономикалық табыстарға қол жеткізгені баса айтылды.Мәртебелі меймандар «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қосылғандарға шын жүректен лебіздерін білдіріп, медальдарын табыстап, дәстүрлі галстуктарын байлады.Сондай-ақ мектеп оқушылары

Сканировано с CamScanner

арасында Жаңа жыл мерекесіне арналған пародия фестивалі өтті, оны жасұландықтар ұйымымен және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары бірлесіп ұйымдастырды.

Жасұландық мектептегі іс-шаралардан бөлек, облыстық іс-шараларға да қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Қаңтар айында «Күнделік-оқушы айнасы» атты тақырыпта рейд жүргізілді.Нәтижесінде сыныптарға ескертпелер жасалынды.Ә.Қастеевтің 120 жылдығына орай «Қыс-қарымен әдемі» 1-4 сыныптар арасында суреттер салу байқауы ұйымдастырылды.Ең әдемі салынған жеңімпаздар марапатталды. Сонымен қатар «Жұлдызды жол-2023» атты тақырыпта ән байқауы өткізілді. Ұлдар, қыздар жиналысы өтті.

Ақпан айы басында ұйым мүшелерімен отырыс өтті. «Салауаттан бастау алған, денсаулық пен бақытқа ие болған» спорттық сайыстан 2-4 сынып аралығында өтті. «Қанағат, рақым ойлап қой!» тақырыбында адамның мінез құлықтарын айқындайтын тақырыптағы көркемсөз оқу сайысы 8-9 сыныптар арасында өтті.Жеңімпаздар айқындалып, марапатталды. 1- наурыз Алғыс айту күніне орай қабырға газеті жасалынып, челлендж ұйымдастырылды. Мерекелерге қойылымдар әзірленді: 8 наурыз, Әз наурыз, Ғарыш күні, Тілдер күні, 1 мамыр, 9 мамыр, Соңғы қоңырау.

Жалпы, «Жасұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының 2023-2024 оқу жылына арналған жұмысы толық орындалды.

Сканировано с CamScanner